

Кімге: «Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы басқармасы»

Автордың аты-жөні және лауазымы: Кушенова Мөлдір Аскарқызы

БҚО ауыл шаруашылығы басқармасының ауыл шаруашылығы
кооперациясы және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бас
маманы

Күні: 16.10.2024

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Ауыл аманаты» жобасын тиімді жүзеге асыру алгоритмі

Кілт сөздер: агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган, жұмыссыз, сенім білдірілген өкіл (агент), ісін жаңа бастаған кәсіпкер, сату (айырбастау), бюджет.

Кіріспе: «Ауыл аманаты» бағдарламасының негізгі мақсаты – ауыл халқының табысын арттыру үшін жеңілдетілген несиелеу арқылы кәсіпкерлікке тарту, кооперацияға біріктіріп, тұрғындардың әлеуеттік жағдайын жақсарту, дамыту. Ауыл тұрғындарын барынша өндірістік кооперативтерге біріктіру. Ауылдардағы, елді – мекендердегі жұмыссыздық пен атаулы әлеуметтік көмек алушылардың санын азайту. Өңірімізде «Ауыл аманаты» бағдарламасын жүзеге асыру басталғаннан бері келесі бағыттар айқындалды: Сүтті мал шаруашылығын қаржыландыру; Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту; Өсімдік шаруашылығын дамыту; Шағын кәсіпкерлікті дамыту.

Сүтті бағыттағы мал шаруашылығын дамытуды басымдық беруіміздің себебі - жергілікті сүт өнімін өндіру көлемі не бәрі 25% ғана құрайды, ал, өңірдегі ІҚМ 99% етті бағытта болуымен байланысты, яғни, ет өндірісі көлемі қажеттілікті толық қамтып отыр. Сол үшін асыл тұқымды сүтті бағыттағы ІҚМ шаруашылығына басымдық беру жөнінде шешім қабылданған болатын.

Негізгі бөлім: Облысымызға «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» шеңберінде 2023 жылға республикалық бюджеттен 6,4 млрд. теңге кредиттік қаражат бөлініп, 742 микрокредит беріліп, 787 жұмыс орнын құру жоспарланған болатын.

Қазіргі уақытта бөлінген қаржыға 1085 өтінім мақұлданып, 6 436,0 млн. теңгеге 992 шағын несие берілді, соның ішінде 49 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (АШӨК) қаржыландырылды (*несие көлемі – 987,6 млн.теңге, мүшелер саны – 469 адам*).

Мемлекеттік кірістер департаментінің ақпаратына сәйкес 1 наурыздағы мәлімет бойынша бағдарлама аясында ресми түрде 68 жұмыс орны тіркеліп, 20 999 605 теңге салық төленген.

Бүгінгі күнге 2023 жылы бөлінген қаржы көлеміне жалпы 1121 өтінім (Ақжайықтан 137, Бөкей ордасынан 86, Бөрліден 40, Жаңақаладан 49, Жәнібектен 62, Бәйтерек ауданынан 149, Казталовтан 105, Қаратөбеден 60, Сырымнан 128, Тасқаладан 78, Теректіден 138, Шыңғырлау ауданынан 80 өтініш) қабылданып, 6 436,3 млн. теңгеге 994 микрокредит (Ақжайыққа 117, Бөкей ордасы 69, Бөрлі 35, Жаңақала 46, Жәнібекке 53, Бәйтерекке 135, Казталовқа 105, Қаратөбеге 54, Сырымға 115, Тасқалаға 73, Теректіге 117 және Шыңғырлау ауданына 75) берілді.

Мал шаруашылығын дамыту бағытына 5 654 млн. теңгеге 881 өтініш (құс шаруашылығына 86,9 млн. теңгеге 15 өтініш), өсімдік шаруашылығына 156,8 млн. теңгеге 21 өтініш, ауыл шаруашылығы техникаларын және құрылғыларын сатып алуға 413,0 млн. теңгеге 52 өтініш, сонымен қатар, шағын кәсіпкерлікті дамытуға 182,0 млн. теңгеге 29 өтінішке беріліп отыр.

Сонымен қатар, өткен жылғы қаражаттан несиеленушілермен кері қайтарылған қаржы есебінен микрокредиттеу жүргізілуде. Бүгінгі күнге 5 жобаға 27,9 млн. теңгеге (Ақжайыққа 3, Жаңақала 1, Тасқалаға 1) кредит берілді.

Облыста 2023-2024 жылдары **бірінші кезеңде** шикізаттық базаны құру үшін **ең алдымен** микрокредиттер мына бағыттарға берілетін болады: мал шаруашылығы, соның ішінде сүтті бағыттағы ірі қара мен құс шаруашылығын дамыту, өсімдік шаруашылығын өнімдерін өсіру, ауыл шаруашылығы кооперативтерін құрып, қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіп дамыту және шағын кәсіпкерлікті дамытуға басымдық берілетін болады.

Ал, **екінші кезеңде** 2025-2026 жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жұмыстары қолға алынады.

«Ауыл аманаты» бағдарламасын тиісті деңгейде ұйымдастыру мақсатында облыстық, **12** аудандық және **147** ауылдық округте жобалық кеңселер құрылды.

Облыс әкімінің өкімімен құрамында мәслихат депутаттары, «Атамекен» ҰКП және АМАНАТ партиясы филиалының мүшелерімен комиссия құрамы жасақталып, ауылдық округтерде ауыл тұрғындары арасында жергілікті жерлерге шығу арқылы бағдарламаның басым, яғни халыққа қажет бағыттарын айқындау мақсатында тұрғындар арасында жеңілдетілген несие алу шарттары бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді.

Бүгінгі күнге бекітілген кестеге сәйкес аудандарға шығып, түсіндіру жұмыстары одан әрі жалғасуда.

Сонымен қатар, бағдарлама шеңберінде сатып алынған ауыл шаруашылығы жануарларын таңбалау (чиптеу) жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстың мақсаты: микрокредиттің мақсатты жұмсалуды бақылау болып табылады. Чиптелуге жататын 6510 бас сүтті МІҚ-ның 2558 басы чиптелді (чиптелмегені 3952 бас).

«Ауыл аманаты» бағдарламасының мақсаты ауыл

шаруашылығы кооперациясын дамыту болып табылады. Президент Жолдауында, «Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды екендігін атап, «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екенін айқындап берді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие беріп, жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажеттігін айтқан болатын.

Бағдарламаға қатысушы әр ауылдық округте ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері құрылуы тиісті. Бағдарлама нәтижелі болуы үшін жеке қосалқы шаруашылықтарды кооперативтерге біріктіру бағытында әр ауылдық округте жеке қосалқы шаруашылықтарды кем дегенде бір немесе екі кооперативтерге біріктіру бағытында түсіндіру жұмыстары жалғасуда.

Статистикалық мәліметке сәйкес облыс көлемінде 373 ауыл шаруашылығы кооперативі (*бұдан әрі-АӨК*) тіркеліп, соның ішінде 274 ауыл шаруашылығы кооперативтері нақты жұмыс істеп тұр. Жұмыс істеп тұрған кооперативтер, яғни, 204-і етті мал шаруашылығы, 51-і сүтті бағыттағы мал шаруашылығы, 9-ы өсімдік шаруашылығы бойынша, 7-і бау-бақша шаруашылығына, 1-і сервистік қызмет көрсету бойынша, 2-і бал ара шаруашылығы бойынша мамандандырылған.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінде 5 566 тұлға мүшелікте (*171 заңды тұлға, 317 ШФҚ мен жеке кәсіпкерлер, 5 078 үй шаруашылықтары*) болса, оларда 110 351 ауыл шаруашылығы малдары бар (*47 739 бас ІҚМ, 61 686 бас ҰММ және 926 бас жылқы*).

2022 жылдың қорытындысымен кооперативтерде 493,4 тонна ет, 10 158,8 тонна сүт, 2 944,0 тонна картоп, 18,6 тонна жүн, 24,0 тонна бал, 364,0 тонна бидай, 186,0 тонна арпа, 575,0 тонна көкөніс пен бақша бақылдары, 1 831,5 азықтық дақылдар және 60,0 тонна өзге де ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілді.

Ауылда ауыл шаруашылығы кооперациясын ынталандыру мақсатында өз аулалары мен жеке жер телімдерін пайдалану арқылы шикізат дайындау, зәкірлік кәсіпорындар жеке қосалқы шаруашылықтан өнімдерді сатып алу, қайта өңдеу, сұрыптау, дайындау, сақтау, өнімді өткізу нарығымен өзара іс-қимыл логистикасын ұйымдастыру арқылы сұраныс көлемін қалыптастыра отырып, дүкендер мен жәрмеңкелер, сауда желілері арқылы тұтынушыларға өнімді сатуды ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде.

2023 жылы облысымызда микрокредиттердің басымдылығы алдымен **сүтті бағыттағы мүйізді ірі мал шаруашылығы** (*сүтті бағыттағы мал басын сатып алу, сүт өнімдерін өндіру көлемін арттыру мен қайта өңдеу арқылы қажеттілікті қамту*), **өсімдік шаруашылығы** (*мал азығын өндіру, соның ішінде, гидропоника әдісі*), **құс шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және қайта өңдеу** (*мал сою алаңдарын салу мен өңдеу цехтарын іске қосу, бие сүтін (қымыз) өндіру*), **шағын кәсіпкерлікті дамытуға** (*техника мен техника жабдықтарына қызмет көрсету (сто) және жөндеу станциясын ашу, кеңейту және жаңғырту*,

тұрмыстық-қатты қалдықтарды қабылдап, өндейтін шағын цехтарды ашу, балаларға арналған ойын-сауық алаңдарын ұйымдастыру, жолаушылар тасымалдау көлігін сатып алу арқылы ұйымдастыру), МІҚ және ҰМҚ малдарын бордақылауға түскен өтініштер бойынша берілді.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2023 жылы облыста сүтті бағыттағы ірі қара мал саны 2 мың басқа өсетіні жоспарланса, бүгінгі күнге сүтті МІҚ шаруашылығы бойынша 6286 бас сатып алуды жоспарлап отырған өтініштер мақұлданып, берілуде. Оның 1565 басы асыл тұқымды болса, 4721 басы тауарлы мал. Аудандармен сатып алынған 5256 бас болса, соның 1449 басы асыл тұқымды және 3807 басы тауарлы мүйізді ірі қара.

Сонымен қатар, мал шаруашылығы үшін мал азығы қорын ұйымдастыру, сонымен қатар, шағын кәсіпкерлік нысандарының ашылуы барысында жұмыстар атқарылуда.

Кредиттеуді бастау алдында барлық аудандағы жобалардың бағыттарын Облыс әкімінің қатысуымен өткен кеңестерде бірнеше мәрте талқыланды.

Сенім білдірілген өкілмен (агент) тапсырма шарты негізінде бағдарлама аясында әлеуетті несие алушылардан өтініштер қабылданып, құжаттардың сәйкестігі мен өтініштердің бағыттары сараланып, басым бағыттарда ескерілуде.

«Ауыл аманаты» жобасын 2024 жылы сәтті іске асыру мақсатында өңірдің 147 ауылдық округінде скрининг жүргізілді. 413 ауылдық елді-мекен тұрғындары жеңілдетілген несие алуға өтініштерін білдіріп отыр.

Жүргізілген скрининг нәтижелері «Аманат» партиясының жобалық офисіне жолданды.

Тұтастай алғанда іріктелген ауылдық округтердегі тұрғындарының саны 304 554 адам (аула саны 75 928 бірлік), оның ішінде экономикалық белсенділер саны 156 668 адам, жұмыссыздардың жалпы саны 13 385 адам, АӘК алатындардың саны 934 адам, өзін-өзі қамтып отырғандар саны 30400 адамды құрайды.

«Ауыл аманаты» бағдарламасына өңіріміздегі барлық ауылдық округтерді қамту көзделіп отыр. Шағын кредит алып, кәсіп ашуға ниеттілердің жобалары тиімділігіне сай талданатын болады.

Ағымдағы жылға ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 2024 жылға 7,919 млн. теңгеге бюджеттік өтінім жолданып, мақұлданған болатын, алайда министрлікпен өңірлерге қаражат қайта бөлініп, облысқа бөлінген қаржы 6,335 млн. теңгеге өзгергендігін ауызша хабарлады. Тиісті құжат келмеуіне байланысты, сенім білдірілген өкілді анықтау ашық конкурсына алдыңғы қаралған қаржы көлемі есебінде хабарландыру ілінді.

7,919 млн. теңге бюджеттік кредит қаражатына 922 микрокредит беріп, 2244 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған болатын.

Жаңа жұмыс орындары ішінде мансап орталықтарында есепте тұрған жұмыс іздеуші ретінде тіркелгендерден 588 адамды жұмысқа тарту жоспарланса, жұмыссыз ретінде тұрғандардан 1656 адамды тарту көзделуде. Соның ішінде 200 жұмыс орнын жұмыспен қамтудың белсенді шаралары арқылы жоспарлануда (*100 - қоғамдық жұмыс орындары,*

100 - әлеуметті жұмыс орындары).

2024 жылы микрокредиттер келесі басым бағыттарға қарастырылып, берілетін болады:

- өсімдік шаруашылығындағы - 29 өтініш, жобалар құны 0,2 млрд. теңге;

- мал шаруашылығы - 453 алушы, жобалар құны 3,2 млрд. теңге;

- құс шаруашылығы - 57 алушы, жобалар құны 0,46 млрд. теңге;

- кооперативтерді дамыту - 60 өтініш, жобалар құны 1,5 млрд. теңге;

- шағын бизнесті дамыту - 152 алушы, жобалар құны 1,06 млрд. теңге.

Қорытынды: «Ауыл аманаты» бағдарламасын өңірімізде нәтижелі жүзеге асыру үшін ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен бекітілген «Инвестициялық салымдар бөлігін субсидиялау қағидаларының» талаптарына гидропоника әдісімен жасыл жем өсіруге қажетті құрылғыларды және егін алқаптарына арналған қоршауларды қосуды, сондай-ақ, ҚР Жер кодексіне ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтеріне конкурстан тыс жер бөлу мәселесін қарастыру, сонымен қатар ауыл шаруашылығы кооперативтеріне салынатын салық нормаларын азайту қажет деп есептеледі. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтеріне ауыл халқын біріктіруді ынталандырып, кооперативтердің қызметін және жалпы бағдарламаның өзін іске асырудың тиімділігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ауылдық округтерде ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылып, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және басқада бағыттар (*а/ш техникасымен сервистік қызмет көрсету, жартылай фабрика өнімдерін шығару, тігін цехы т.б.*) бойынша қызметтер атқаратын болады.

Ауыл аманаты бағдарламасын жүзеге асыру барысында нақтыланған жұмыстар жалғасын таба беретін болады.

Мемлекеттік қолдау бағдарламаларына ауыл шаруашылығы кооперативтері қолжеткізуде, 2023 жылы бағдарлама аясында облысымыздың **49** кооператив мүшелері (*жеке кәсіпкерлік субъектілері*) **2,5 пайыздық** мөлшерлеменен **987,6 млн. теңге** несие алып, сүтті мал сатып алу шығынын ішінара өтеу аясында **111,4 млн.теңге** субсидия көлемінде мемлекет тарапынан қолдауға ие болды.

Кооперативтер бірнеше бағыттағы қызмет түрлерін қамтуда: атап айтқанда сүтті мал шаруашылығы өнімдері өндірісі, өсімдік, бау-бақша, құс шаруашылығы және тағы басқа.

Мысалға: облысымызда сүт және сүт өнімдерін өңдеп, өткізумен айналысатын облыс орталығына жақын орналасқан, **«Батыс сүт» АШӨК** («Каверин» ЖК) жұмыс жасауда. Көршілес аудандардан сүт өнімдерін қабылдайды. Кооперативке 380 адамға дейін маусымдық мүшелікке тіркеледі. Өткен жылы өндіріп, өткізген өніміне 31,0 млн. тенге субсидия алды.

Бәйтерек ауданы, Макаров а/о, **«Аманат 22»** құс, бау бақша, сүтті мал шаруашылығы бағыттарында кәсіп жүргізеді, 62 мүшесі бар, 2023 жылы 8,2 млн. тенге субсидия алған.

Бәйтерек ауданы, "Көшім" а/о, жұмыс жасап тұрған 3 СПК бірігіп, 1 СПК ашты - СПК **"Колесово"** 128 мүшесі бар, бағыты - *құс шаруашылығы, мал шаруашылығы, бау бақша шаруашылығы.*

Дәл осындай бағыттағы жұмыстар құс, бау-бақша, шағын кәсіпкерлікті дамыту бойынша да жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту, өнімді зәкірлік кооперация арқылы өткізу мақсатында дайын жобалар бойынша шарттар жасалуда.

Мысалы: «Орал құс фабрикасы» ЖШС-мен ауылдарда шағын құс фермаларын салу, барлық сүйемелдеу қызметтерімен қоса өнім өткізуге дейін көмек көрсететін болады.

Ұсынымдар: «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберіндегі микрокредиттеу Қағидасына сәйкес жоғарыда аталған бағыттағы кооперативтерді қаржыландыруда 30,0 млн. теңге кредиттік қаржы аздық етеді және қызметінің дамуында мүмкіндіктерді шектейді.

Осыған байланысты «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы облыста ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мақсатында белгілі бір критерийларға жауап беретін ауылшаруашылық өндірістік кооперативтерге ауыл шаруашылығы техникасы мен қондырғыларды **лизингке беру мақсатына жергілікті бюджеттен 1 млрд. теңгеге жуық** қаржы бөлу қарастырылуда. Алайда бұл қаржыны кооперативтерге жеткізіп, жұмысты бастап кетуге кейбір Заңмалық актілерде кездесетін кедергілер ҚР АШМ-не жолданған болатын.

Атап айтқанда: Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияға кредиттеу қызмет түрін енгізу; Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне конкурсқа түскенде қосымша басымдықтар беруді Заңдастыру; «Ауыл Аманаты» бағдарламасы шеңберіндегі микрокредиттеу Қағидасына ауыл шаруашылығы кооперативтеріне лизингілеу тармағын қосу; Осы

Қағидада бюджеттік кредитке бөлінген қаражаттың бір бөлігін қаржылық лизингке пайдалану мүмкіндігі жөнінде тиісті толықтыру енгізу; Ауылшаруашылық өндірістік кооперативтеріне ауылшаруашылық техникаларын лизингілеу механизмін оңтайландыру жөнінде ҚР Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрлігіне қойылған сауалдар жауапсыз қалуда.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-auyl?lang=kk>

<https://www.gov.kz/memleket/entities/moa?lang=kk>

<https://stat.gov.kz/>

<https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin?lang=ru>

Қосымшалар (қажет болған жағдайда):



